

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

«Бекітемін»  
Балабақша меңгерушісі:  
*А.Еришова* А.Еришова



Тенксерілді:  
Балабақша әдіскері:  
*А.Шуиншалиева* А.Шуиншалиева



# «Ханталапай»

*/үйірме жұмысы/*

№10 «Балауса» ересек тобы

Тәрбиешілер: Өтеген С.  
Өтеген Ж.

2021-2022 оқу жылы

## **«ХАНТАЛАПАЙ» (Үйірме жұмысы)**

**мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық асық ойынын үйрету бағдарламасы**  
Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен

оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Өскелең ұрпақты дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін енгізу міндеті ағымдағы жылы 15 наурызда

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған. Осы аталған құжатта бірге ойнау

дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс,

ал ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы деп түсінік берілген.

Балабақшада балаларға асық ойынын ойнату олардың денсаулығын нығайтуға, шапшаңдықты, ептілікті, интеллектуалды ойлауын, есте сақтауын, дұрыс оң шешім қабылдауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды дамытатын, олар қызығушылық танытатын түрлі ойындарды балабақшада да отбасында да ойнату өзекті мәселелердің

бірі. Себебі балалар көбінесе түрлі компьютер ойындарын ойнауға қызығушылық танытып жатады. Бірақ осы ойындарды бала қызығып ойнағанмен де оларда айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға деген қызығушылық байқалмайды.

Осы аталған мәселені жан-жақты зерделеу, балалардың қызығып ойнайтын компьютер

ойындары мен асық ойындарының балаға әсеріне жүргізген зерттеуіміз мынадай нәтиже

берді.

**Бағдарламаның мақсаты** – мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйрету арқылы олардың жан-жақты үйлесімді дамуына жағдай жасау.

### **Міндеттері:**

- дене белсенділігін, шапшаңдықты, ептілікті дамыту;
- танымдық, шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін арттыру;
- ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарға баулу;
- балалар мен педагогтердің ықпалдастығын қолдау.

Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

### **Күтілетін нәтиже**

- ой-өрісі кең, дүниетанымдық қабілеті жоғары, өнертапқыш, дарынды, талантты, ізденгіш, алдына мақсат қоя білетін тұлғаны тәрбиелеу;

**Күтілетін нәтиже:**

Бала біледі:

- бала асықты атуды үйренеді, ойын ережесі, әдіс-тәсілдері туралы түсінік алады, топтық жұмыс істеуге үйренеді.

Бала меңгереді:

- бала мергендікті, ептілікті меңгереді, бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулығына көп пайда әкеледі.

Бала жасай алады:

- ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады, өз бетімен асық ойынын ойнай алады;

- топпен жұмыс жасауды үйренеді, жеңімпаз болуға талпынады;

Бағдарламаны іске асыруда педагогтар балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, өз тәжірибесінде асық ойынын ойнатудың

жаңа инновациялық әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

«Асық» мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бес саланы толық қамтитын, денсаулығын нығайтуды және ойнап отырып ойлануға, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға қалыптастыруға жетелейтін озық технология.

Қазақтың қазақ болып қалуының бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту, асықты бүгінгі балалардың ойын құралына айналдыру, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне, ұлттық ерекшеліктерімізге

деген құрметін артары сөзсіз.

**«Таным» білім беру саласы**

	<b>Ойынның атауы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мақсаты</b>
1	«Көп және біреу, үлкен және кіші» 06.09.2021 13.09.2021	2	Балаларды ұлттық ойын құралы – асықпен ойната отырып, тапсырма шешуге қызықтыру. Біреу және көп, үлкен және кіші ұғымдарын меңгерту. Шапшаңдыққа баулу.
2	«Жыл мезгілдері» 20.09.2021 27.09.2021	2	Жыл мезгілінің маусымдық өзгерістері жайлы білімдерін толықтыру. Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру. Асықтарды жинастыру арқылы қол мен саусақ ұштарының ұсақ моторикасын дамыту.
3	«Кеңістікті бағдарлау» 04.10.2021 11.10.2021	2	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін, зейін, қабылдау процестерін дамыту. Оң жақ, сол жақ, жоғары-төмен бағыттарын ажыратуға тәрбиелеу.
4	«Менің орным қайда?» 18.10.2021 25.10.2021	2	Балаларды ойын ойнау арқылы байқағыштыққа, сандарды ретімен тез орналастыруға баулу, олардың сандар қатары туралы білімдерін бекіту. Ойын элементтерін пайдалана отырып, математикаға қызығушылығын арттыру
5	«Жұбын тап» 01.11.2021ж. 08.11.2021ж.	2	Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, татулыққа тәрбиелеу.
6	«Мұнара құрастыру» 15.11.2021 22.11.2021	2	Көлеміне қарап ажырата білуге жаттықтыру. Заттарды өсу және кему ретімен жинастыра білуді қалыптастыру.
7	«Кім тапқыр?» 29.11.2021ж. 06.12.2021	2	Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.
8	«Қанша – сонша?» 13.12.2021 20.12.2021	2	Санау дағдыларын жетілдіру. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру.
9	«Қанша болса, сонша»	2	Санау дағдыларын меңгерту, берілген тапсырманы

	27.02.2022 10.01.2022		орындай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Математикаға қызығушылықтарын қалыптастыру.
10	«Асықтарды сана» 14.01.2022 24.01.2022	2	Санауды бекіту. Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру, асықтарды түсіне қарап санау, жанына сандарды тауып қою.
11	«Луллия шеңбері» 31.01.2022 07.02.2022	2	Санды заттармен сәйкестендіру дағдысын қалыптастыру, түсіне қарап асықтарды санап орналастыру машығын жетілдіру.
12	«Асықтар адасты» 14.02.2022 21.02.2022	2	Сандарды тура және кері санау дағдыларын жетілдіру. Сандар қатары жайлы білімдерін бекіту.
13	«Нешінші?» 28.02.2022 07.03.2022	2	Реттік санауды жетілдіру. Ойын барысында «нешінші?» деген ұғымды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын дамыту, қызығушылығын арттыру.
14	«Кім шапшаң?» 14.03.2022 21.03.2022	2	Уақытты бағдарлау машығын жетілдіру. Тәулік бөліктерін ажырата білуге үйрету, ойын арқылы балалардың қызығушылықтарын ояту.
15	«Апта күндері» 28.03.2022 04.04.2022	2	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету, Уақытты бағдарлау
16	«Кім зейінді?» 11.04.2022 18.04.2022	2	Санау дағдыларын жетілдіру. Сан құрамы туралы ұғымдарын бекіту. Асықтарды сан жазылған ыдысқа орналастыру.
17	«Тапсырманы орында» 25.04.2022 02.05.2022	2	Көп және азды айыра білуге жаттықтыру. Салыстыру дағдыларын жетілдіру
18	«Екінші жартысын тап» 16.05.2022 23.05.2022	2	Бөліктерден бүтінді құрастыруға, бүтінді бөліктерге бөлуге үйрену; оларды атауымен (жарты, ширек) Таныстыру
Барлық Сағат саны		36	